

Қарт адамдармен әлеуметтік жұмыс тиімділігі

КІРІСПЕ

ЖҰМЫСТЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ:

Халық аузындағы мақалда айтылғанындай «егер қарт адам өмірден өтетін болса онда бір тарих жоғалады». Қарт адамдар өткеннің, қазіргінің және болашақтың тасымалдаушысы. Олардың ақылы мен тәжірибесі кез-келген қоғамның негізін құрайды. Қазіргі таңда мемлекет аға буын өкілдерін, әрбір жаңа ұрпақ үлкендердің даналығын, тәжірибесі мен қадір қасиеттерін үлгі тұтады. Соғыс жылдары жауынгерлік ерлігімен олар бейбітшілікті қорғап, сақтап қалды, сол үшін аштық пен қайғы-қасіретті бастан кешті, соғыстан кейінгі жылдары құлдыраған халық шаруашылығын қайта қалпына келтіріп, өз еңбектерімен экономикалық дамуына зор үлес қосқан. Біз ардагерлер алдындағы борышымыз терең сезінеміз. Күнделікті қамқорлық пен қолдауды қажет ететін борыш бүгінде мемлекеттік әлеуметтік саясаттың бір бөлігіне айналып отыр. Ертең ел боламыз десек, қазірден бастап түзелу керек.

Сол себепті де қазіргі кезде қарт адамдармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің тиімділігін зерттеу өзекті болып табылады.

Зерттеудің объектісі:
қарт адамдар

Зерттеу пәні: қарт адамдармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің ерешеліктері және оның тиімділігі.

1. ҚАРТ АДАМДАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

1.1 Қарт адамдармен жұмыс әлеуметтік жұмыстың объектісі ретінде

1

- Қартаю бұл - адамзат тарихының әртүрлі тарихи-эволюциялық кезеңдерімен және әртүрлі экологиялық манипуляциялық әлеуметтік алмасушы биопсихологиялық және әлеуметтік ұғым.

2

- *Көне Египеттің* дәстүрі деп атайды. Қартаю «басқа адамдардың ішінде ең сыйлысы», «қарт адам құдайға жақын жалғыз адам», «қарттық – бақытты және бүлкіші шақ» және тағы басқа.

3

- Спартада «Кәрі болғанша, үйсіз ит болғаным жақсы» дейтін болған. Күшсіз (пайдасыз) қарттарды Спартада жардан лақтырып жіберетін болған, спартандық қарттар өмірдің бұлай аяқталуын табиғи құбылыс деп есептеген.



Ғылыми геронтологияның негізін салушы И.И.Мечников болып табылады. Геронтологияның, қазіргі ұғымы ХХ ғасырдың ортасында қалыптасты. Геронтологияның тапсырмаларының бірі – орта әсеріне, өмір салтына, еңбегіне, әлеуметтік қатынастарына және өзара қарым-қатынасына байланысты қартаюдың ерекшеліктерін зерттеу болып табылады.

С.И.Ожегованың сөздігінде «егде» - «қартая бастаған», «қарттық» - «организм әлсізденетін, кемелдеген кезеңнен кейінгі өмір» және «қарт» - «қартаюға жеткен». Мұндай анықтамалар мынадай ойға әкеледі, біздің елімізде анық бейнеленген, біз адам қартайғанда қандай болатынын және қарт кісілердің тобына 60-та 75-ке дейінгі жасты жатқызады

М.Ф. ПУЗИКОВ ПЕН А.А. КАЛИЕВА

- қарт адамдардың гериатриялық -реабилитациялық проблемаларын зерттеген. Зерттеу мәселесі өте маңызды. Қазір мемлекеттегі туудың күрт төмендеуі, халықтың белсенді қарттаюына әкеледі. Бұл медициналық қызмет көрсету саланың сұранысының дамуымен байланысты. Гериатриялық - реабилитация, бұл реабилитацияның бір бөлігі (дұрыс адамның денсаулығын жақсарту және қалпына келтіру туралы ғылым). Бұл салада – медициналық, әлеуметтік, реабилитациялық процедуралар жүзеге асырылады. Сапалы реабилитация мен гериатриялық профилактика – қоғаммен қарым-қатынасты үзбеу, жалғыздықтан изоляциялау, қызығушылықты таныту, әлеуметтік қарым қатынасты жандандыру, еркін болу, ойлаған жұмысын еркін тандау. Қарт адамдардың әлеуметтік-медициналық проблемаларын зерттеу барысында, яғни қартайған сайын, медициналық қызметтің рөлі арта түседі. Бірақта қарттар аурудың соңғы стадиясына дейін созып, дәрі- дәрмектердің пайдасы аздау болады. Өкінішке орай, Қазақстан Республикасында герантологиялық көмектер жоқ, жоғары сырқаттану, мүгедектік, қарттардың жиі өлуі, яғни қарттар медициналық көмекті қажет етеді. Яғни, бұл тек адамдарға дені сау қартаюды қамтамасыз етсек қана жетеміз

- Қазір нақты қарттады қорғайтын ресми болсын құжаттар жоқ. Жаңа әлеуметтік жұмыс БҰҰ-ның ұсынысы бойынша *«Қартайған жастағы адамдардың өмірін толыққанды жасау»* бұл құжат негізінде әлеуметтік жұмыс аймағында қарттарға әлеуметтік қызмет көрсету жүзеге асырылады. Олар төмендегідей:

- егде тартқан адамдарға ұлттық саясатты өндеу, яғни ұрпақпен сабақтастыру;
- қайырымдылық ұйымдарды қолдау;
- экономикалық құлдыраудан қарт адамдарды қорғау;
- қарт адамдар сапалы өмір сүруге жағдай жасау;
- қай жерде тұрмаса да толық қарт адамдарға әлеуметтік қызмет көрсету.



Ю.Б.Гварнавский бүкіл қарттық кезенді жеке топтарға бөлуді ұсынады: егде жас – 50-65; қарттық жас - 65-тен жоғары.

Ғылымда жас ерекшелік кезеннің келесідей сызбасы қабылданған:

егде жас ер кісілер үшін 60-74 әйелдер үшін 55-74 жас.

қарттық кезен, әйелдер мен ер кісілер үшін 75-90 жас.

ұзақ жасаушылар әйелдер мен еркектер үшін 90- жас және одан әрі жоғары жас

1.2 ҚАРТАЮ ҚҰБЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚАРТ АДАМДАРДЫҢ ӨМІР САНАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ПРОБЛЕМАЛАР

- Демографиялық қартаю біздің елімізде балалардың туу санының кемуіне байланысты болып отыр. Соңғы 10 жыл ішінде жас ұрпақтың үлес салмағы 24-44 % -ға қысқарған. Осының нетижесінде зейнеткерлік жастың адамдардың үлес салмағы 15 жасқа дейінгі балалардың үйлесінен асып түсіп отыр. Болашақта бұл жағдай одан ары күрделене түсіп, егде жастағы адамдардың саны арта түседі

- Қарт адамдардың әлеуметтік-демографиялық категориясымен, олардың проблемаларының анализін әлеуметтік жұмыс теоретиктері мен практиктері әртүрлі көзқарас арқылы анықтайды – хронологиялық, социологиялық, биологиялық, психологиялық, функционалдық және тағы басқа. Қарт адамдардың жиынтығы айтарлықтай ерекшеліктері мен сипатталады, онда 60-тан 100 жасқа дейінгі адамдар жатады геронтологтар тұрғындардың осы бөлігін «жастар» және «қарттар» (немесе «терендер») кәрілер деп бөлуді ұсынады, осыған ұқсас Францияда «үшінші», «төртінші» жас деген түсініктер бар. «Үшіншіден», «төртіншіден» шекараға өту жасы 75-80 жаста шекара сыртын жеңіп шыққаны болып есептеледі. «Жас» кәрілер «қарт» кәрілерге қарғанда басқа проблемалар сезімді мүмкін, «қарт» кәрілерге қарағанда – мысалы, еңбекпен айналысу, жанұяда басты болу, үй міндеттерінің бөлінуі және тағы басқа


- Қарта адамдар өздерінің материалдық жағдайларымен, инфекция деңгейіне, медициналық көмектің жоғары тұратынына қиналады. 2008 жылы әлеуметтік-экономикалық кризис нәтижесінде зейнетақыны көбейту мәселесі өзекті болды. Симокованың мәліметтері бойынша зейнеткерлердің әрбір бесінші жанұясы киім мен аяқ киім алуға келгенде қиындық сезіледі екен. Дәл осы топтарға ашты-тоқты өмір сүрушілер жатады. Көптеген қарт адамдар материалдық түсініктерімен жұмыс істеуді жалғастырады. Өткізілген әлеуметтік зерттеуге сәйкес, зейнектерлердің 60%-ы жұмыс істегісі келеді екен. Қарт адамдардың үй жағдайында тұратындарға қарағанда қарттар үйінде айтарлықтай әртүрлілік байқалады.
- Кейбір бағалаулар бойынша қарттар үйінде тұратындардың 56%-ының психикасында хронологиялық тежелулер болса, 16%-ы психикалық аурулардан зардап шегеді. Үй жағдайында өмір сүретіндердің 5-6%-ы қартайғандағы ақыл әлсіздігімен ауырады, стационарлық мекемелерде олардың үлесі әлде қайда жоғары. Сонымен бірге, қарт адамдарға арналған интернат үйлерінде психиатр, психолог, әлеуметтік педагог әлеуметтік жұмыспен тегін қызмет көрсетеді.



Қарт адамдармен жұмыс жүргізудегі әлеуметтік-психологиялық ерекшелік және олардың бос уақытын өткізудегі тәжірибе

- Қартаюу процесінде байқылайтын психикалық өзгеріс орталық нерв жүйесіндегі инновация процесімен байланысты. Қартаюудың басталуының жан-жақты және жалпы белгісі болып реакция беру уақытының айтарлықтай ұлғаюы болып табылады. Бұл мынадан көрінеді: күштің азаюында және өмір сүргіштіктің негізгі процесінің қозғалысында, сенсорлық функцияның көбін жаулап алғандықтан моторикада да, жаңа қабылдауда, егде адамдардың барлық мінез-құлқында, өзгермелі жағдайда бейімделуінен психологиялық өзгерістердің себептері (Биррен).
- Тұрғындардың демографиялық қартаюуы жылдам өсіп келеді. Егде жастағы адамдардың әлеуметтік мәселесін шешу олардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін, темпераментін, мінез-құлқын жинақтауын, осы жастағы адамдардың жеке қасиеттерін барынша назар аударып зерттеу қажеттілігін анықтайды.
- Тұрғындардың осы категориясының көптеген әлеуметтік мәселелерін түрлі ғылымдарың зерттеу нысаны болып табылады. Бұл мәселені әртүрлі тарихи кезеңде философтар мен педагогтер, әлеуметтанушылар мен саяси қайраткерлер өз заманында қозғап отырды.





1962 жылы Ленинградта өткен қарттық пен қартаю кезеңдерінің класификациясы және номенклатурасы бойынша симпозиумде егде жастағыларды мынадай кезеңдерге бөлді: 60-74 жастағылар – егде, 75-89 жастағылар – қарттар, 90 және одан жоғарылар – ұзақ өмір сүрушілер. Қазіргі уақытта Бүкіл жүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының шешімі бойынша қарт жас – 75 жас болып саналады, ал 60-75 жастағылар – егделер. Белгілі бір тарихи жағдайдағы тұрғындардың сапасының жүйелі шамасы болып оның жас құрылымы қызмет ете алады. Адамдардың ең табиғи қасиет - өмір сүру ұзақтығы, олардың әлеуметтік қасиеттері және байланыстарымен бірлікте болады.

2. ЕГДЕ ЖАСТАҒЫ АДАМДАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1 Қарттармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің тиімділігі және оның ерекшеліктері

- Үлкен егде жастағы адамдармен әлеуметтік жұмыс атқарудың қазіргі технологиясы қарт адамдарға қатысты қарастырылған. БҰҰ-ның принциптері бойынша «Үлкен, егде жастағы адамдардың толық мағыналы етіп қамтамасыз ету негізінде құрылу керек».
- Бұл құжат барлық елдердің үкіметтерге қарт адамдарды әлеуметтік қолдаудың нақтылы шараларын асыруды ұсынылады.
- Қарт адамдарға қатысты ұлттық саясат негізінде, осының нәтижесінде халықтың буындары арасындағы байланысты нығайту;
- Қайырымдылық көрсеткен ұйымдарды қолдау;
- Қарт адамдарды экономикалық күзелістерден қорғау;
- Қарттарға арналған мамандандырылған мекемелерде тұратын өмір сүру деңгейін жоғарлату;
- Отанында немесе басқа елдерде тұратын жатқан қарт адамдарды әлеуметтік қызметпен толық қамтамасыз ету

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТҮРЛЕРІ КЕЛЕСІДЕЙ БОЛЫП КЕЛЕДІ:

- зейнетақылар мен жәрдемақылар;
- қарттар мен мүгедектерге арнаулы мекемелерде қызмет көрсету;
- мүгедектерге берілетін жеңілдіктер;
- жалғыз басты қарттарға көмек көрсету;



- Қарт адамдарға әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету құрамына зейнетақы мен әртүрлі жәрдемақы, жергілікті арнайы әлеуметтік қорғау орган мекемелерінің қарттар мен мүгедектерге қызмет көрсетуі және оларды асырауы; протездеуі; мүгедектерге жеңілдік; үйсіздерге көмек көрсету.
- Әлеуметтік қамтамасыз етуді мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, жеке адамдар еңбек етушілер есебінен жасайды. Соңғы жағдайда фондтан төлеу еңбек салымы немесе стажы арқылы емес, төлем көлемі арқылы анықталады. Мұндай тәжірибе батыс елдерінде кең таралған.
- 1995 жылы әлеуметтік қорғау жүйесінде біздің елімізде қарт адамдар мен мүгедектерге арналған 959 стационарлы мекеме, 700-ден аса әлеуметтік қызмет орталығы, үйде әлеуметтік көмек көрсететін 900 бөлім, сонымен қатар, басқа да әлеуметтік көмек көрсететін мекемелер қатары (психолого-педагогикалық, шұғыл психологиялық көмек және тағы басқа) болды

**ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖЕДЕЛ
ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ БӨЛІМШЕСІ КЕЛЕСІ
ҚЫЗМЕТТЕРДЕН ТҰРАДЫ:**

- Жедел түрде ыстық тамаққа немесе азық-түлікке мұқтаж адамдарға бір реттік көмек;
- Киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз ету;
- Бір реттік материалдық көмек көрсету;
- Уақытша тұрғын үймен қамтамасыз ету;
- Жедел психологиялық көмек көрстеу, соның ішінде «сенім телефоны» арқылы да;
- Заңнамалық көмек көрстеу;
- Аймақтық ережеге байланысты көмектің басқа да түрін көрсету.



Әлеуметтік реабилитация

әлеуметтік-экономикалық, медициналық, юристік, кәсіби және басқа шараларға әкеледі. Олар қажетті шарттарды қамтамасыз етуге және осы топтардың қоғамда толыққанды өмірге келуіне бағытталады



Қарт адамдарды әлеуметтік

қорғаудың құрамды элементі – заң қабылдаушы үкімет бекіткен әлеуметтік кепілдеме есебімен, әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша қызмет немесе жеңілдік түрінде, ақшалай немесе табиғи формада қамтамасыз ету. Оған ереже бойынша, зейнетақы мен жәрдемақыға периодты және бір мезгілде қосымша төлем осы категорияларға дифференцияланған, адресті әлеуметтік қолдау көрсету мақсатындағы қызмет табиғи сома, жағымсыз әлеуметтік – экономикалық шарттарға әкелетін критикалық өмірлік жағдайлардың жойылуы немесе бейтараптылығы кіреді.

ҚАРТТАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС

Әлеуметтік жұмысшының әңгіме-интервьюі күнделікті әңгімелерден мынадай қасиеттерімен ерекшеленеді. Олардың әңгімесінің белгілі мақсатқа жетуге бағытталған тақырыбы болады, әңгіменің уақытша шеңбері анық болады. Өзара қатынастың жағымды және жағымсыз жақтары болады. Соңғы аспектіні толығырақ қарастырайық. Әлеуметтік жұмысшы мен клиенттің алғашқы кездесулерінің таза информациялық қызметтен басқа кем дегенде 3 мақсаты бар: клиентпен емдеу әдістеме қатысты одақ құруға ұмтылу; әлеуметтік жұмысшы клиенттің онымен сезімдерін түсінуге ұмтылады; клиенттің ситуацияны жеңетініне сендіру жұмыстың әдістері мен формаларын демонстрациялайды. Егер бұл факторларда назарға ілмесе, ситуацияны басқару мүмкін емес. Әсіресе, егер клиент тарапынан негативті реакция бақыланса.

Біздің елемізде 1986 жылдан бастап, құрамына үйде әлеуметтік көмек көрсетумен қатар, тіпті жаңа бөлімдер күндіз келіп кететін бөлімдер кіретін зейнеткелерге қызмет көрсету орталығы деп аталатын орталықтар ашыла бастады.

Мұндай бөлімдерді ұйымдастырудың мақсаты – жанұясымен бірге тұратын немесе жалғызбасты қарттардың қолыбос кездеріне арналған өзіндік орталықтар жасау. Мұндай бөлімдерге адамдар танертең келіп, кешке үйлеріне қайтады деп қарастырылған: олар күні бойы жайлы ортада болуға, қарым-қатынас жасауға, уақытты мағыналы өткізуге, әртүрлі мәдени іс-шараларға қатысуға, бір мезгіл тамақ және керек болған жағдайда дәрігерге дейінгі медициналық көмек алуына мүмкіндік алады.



Жаксы әлеуметтік жұмысшының мынадай 6 сапасы болады:

Симпатия немесе түсіну - әлемге басқа біреудің көзімен қарауда;

Сыйлау, клиенттің мәселесін ол оны өзі шеше алады деген сенімділік тудыру үшін қабылдау;

Консультациялап отырған адам мәселені максималды түсінуі үшін, оның нақтылығы, айқындылығы;

Өзін-өзі білуі және басқаларға өзін танытуға көмектесу;

Шынайылық, өзін клиентпен қарым-қатынаста табиғи ұстау;

Нағыз сол сәтте болып жатқан нәрсеге байланыстылық.

ҚАРТ КІСІЛЕРГЕ ИНТЕРНАТ-ҮЙЛЕРДЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМҚОРЛЫҚ

Қоғамдағы қарттардың өз туған балаларынан шапағат таппай өмір лайықты қамтамасыз ету бағытында мемлекеттің шапағатын көреді. Жасы үлкен қарияны құрмет ету, олардың киелі кеңестерін, ежелге келе жатқан халқымыздың дәстүріне сай берген ақыл кеңесін тыңдай отырып солар көрсеткен жолмен жүру дәстүрі халықты ежелден бар.

Қарттар үйінде қарт адамдарды әлеуметтік жұмыстарға араластырудың мәні зор. Әдетте әлеуметтік қызметтер қарттармен тікелей өздері жұмыс істегенімен басқа адамдарды, көрөпшіліктерді, балаларды аралыстырады

Қарттардың неғұрлым жас балалармен жұмыс істеуі, оларға соғұрлым ләззат береді. Қажеттердің өтілуі жастар арқылы іске асады. Қарттардың өмірін нұрландырып, түрлендіріп мағыналы етеді. Төмендегі мысалдарды атап өтсек олар:

1. Қарттар үйінде қарттармен бірлесе отырып, балалардың мақал- мәтелдер үйренуге жұмылдыру;
2. Оқушылардың қарттарға арнап концерттерді ұйымдастыру;
3. Қарттар үйіне арнайы бір күнді арнап, балалардың қарттарға өз

қолдарымен жасаған сыйлықтарды сый сыйапат көрсету;

4. Қарттарға бірлесіп, балалар әр түрлі тақырыпқа шығармалар жаздыру;
5. Мереке күндері мерекені қарттармен атап өту;
6. Қарттармен арнайы кездесуді ұйымдастыру. Кеңесуде қарттардың өткен тәжірибесіне, кәсіби іс-әрекетіндегі жетістіктерін баяндау.

ИНТЕРНАТ-ҮЙЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЫНАНДАЙ:

- тұрғын қарттарға материалдық-тұрмыстық қызмет көрсету;
- оларға үй жағдайларымен сәйкес өмір сүрудің қолайлығын қамтамасыз ету;
- мәдени іс-шаралар жүргізу;
- қарттарға медициналық және әлеуметтік көмек көрсету;

Интернат- үйлерді ұйымдастыру мен қалыптастырудағы негізгі қағида- қарт кісілердің әлеуметтік-топтық, жеке тұлғалық ерекшеліктерін; олардың қызығушылықтары мен білім деңгейін; жастық өзгерулерін; психологиялық және биологиялық мінездемелерін есепке алу болып табылады [46].

Қазіргі кезде, интернат-үйлеріне әсіресе, қозғалу қабілеттілігін толықтай жоғалтқан және өзіне арнайы күнделікті күтімді қажет ететін қарт кісілер түсуде.

2.3 ҚАРТ АДАМДАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СИПАТЫ

- Қарт адамдарға қатысты мемлекеттік - саясаттың бағыттарынан бастайық: 1-ден, елімізде жүріп жатқан демографиялық өзгерістерге дайындау, 2-ден егде үлкен жастағы адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту, 3-ден халықтың өсу категориясына анықтайтын қажеттіліктермен мұқтаж сәйкес әлеуметтік қызмет терін әрі дамыту.
- ҚР қарт адамдарға әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің инфрақұрылымы әлеуметтік қызмет көрсету стационарлық жартылай стационарлық және стационарлық емес түрлерінен тұрады.
- 80 жылдардың ортасында қалыптасқан тұратын үйіне барып қызмет көрсету, әлеуметтік тұрмыстық әлеуметтік медициналық, құқықтық, қызмет көрсетудің муниципалдық орталықтары дамып келеді.
- Әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерінің стационарлық торабының дамуы брнеше бағыттар бойынша жүргізіліп келеді.
- Тұрақты өмір сүрудің ең бір қолайлы жақсы жағдайларын жасау;
- Медициналық, әлеуметтік көмек көрсету және реабилитациялаудың қайта қалпына келтірудің сапалы түріг ұйымдастыру;
- Әлеуметтік мәдени бағыттағы қызметтерді беру;
- Өзара қарым- қатынастарындағы байланыстарды ығайту;
- интернат үйлер, герантологиялық орталықтар



- Республиканың Солт. Шығыс облыстарында орталықтар кешенді қызмет көрсету негізінде жұмыс істейді. Орталықтың құрамында:
- герантологиялық бөлімдер,
- психикалық бөлімдер,
- психикалық жүктемені кеміту кабинеттері,
- сенім телефондары,
- қарым- қатынас клубы

- Өзара көмек ұйымдастыруда топтардың әр түрлі міндетті қызметтері іске асырылады. Олардың мүшелері:
- Бірінші, туындап отырған қиыншылықтарды шешу жөнінде ұсыныстар алады;
- Екінші, керек болған жағдайда материалдық көмек алады;
- Үшінші, өздеріне деген ықыласты қолдауды сезінеді;
- Төртінші, Қарт адамдарға өзара көмек көрсететін қалыптасуына және дамуына тікелей немесе жанама келесідей факторлар әсерін тигізе алады;
- Бесінші, өзара көмектің және мемлекеттік қолдаудың әлеуметтік саясаттың тиімділігіне ықпалы;
- Алтыншы, әлеуметтік жұмыстың практикасында қарт адамдарға байланысты проблемалар болуы;
- Жетінші, әлеуметтік терапия мен реабилитацияға жұмсалатын қаржылардың ұдайы өсуі;
- Сегізінші, мүмкіншіліктерді іске асыруда қарт адамдардың бірдей жағдайда болмауы[45].



ҚОРЫТЫНДЫ

Халық даналығын «Қарттық – қуаныш емес» дейді. Афоризмнің тұжырымдылығы оны жәбірлегіш етеді, не ол болмыстың көпқырлылығымен барлық қиындылығымен түсінбейді. Бұл пікір болғандықтан оған қарама-қарсы болуы мүмкін. Қарттық адамдардың ойынша тек өзінің мүмкіндіктері мен резервтерін біртіндеп азайтатын жас.

Қартайғандағы өмір оңай емес шығар. Бірақ ол адамдардың уақытқа пассивті демалу кезеңі сияқты қарайтыныдай стеротипті көзқарасарынан арылуы керек. Бұл – үнемі белсенділікке шақыратын өз тұлғасын және психикалық дамуындағы жауапкершілікке сезім, ұмытуға болмайтын өмір стилі өмірдегі құндылықтар мен қуаныштарды табу болып анықталған кезеңде таусылмайды, өзінің айналасындағылардан және өзімен құндылықтармен саналы үнемі көріп отыру керек.

Қартаюу құлдырау процесі болмау керек. Қарттық кезеңнің шеберлігі әр минуттан өмірлік құндылықтарды тауып отырылуында.

Қарт адамдардың жастарда жоқ бір санасы бар бұл: өмір даналығы, білім құндылығы. Дәл осы даналық жер бетіндегі өмір сүруші адамға ұзақ уақыт серік бола алады, қоғамның дамуында күшті стимул мен фактор болып табуы мүмкін.

Ғылым адам өмірін адамдардың бір-біріне деген қызығушылығын теория, категория, түсінік және басқа да ғылым адамдары меңгерген құралдар мен ойлау тәсілдерін ұйымдастыра отырып анализдеуге тырысуда.

Қарт адамдар әлеуметтік қолдауды керек етеді. Ол өздерін комплектентті сезінуге мүмкіндік береді, «өздерін анықтау бақылаудағы» мұқтаждығын мойындап және олардың өмірін альтернативті жас іздеу керек.

Әлеуметтік қолдау өмірдегі соңына бейімделу мен әрекеттесетін маңызды фактор.